

Оңтүстік Қазақстан облысында "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығын үйимдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 желтоқсан 1993 ж. N 1260

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оңтүстік Қазақстан облысында "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени және табиғат қорығын құру туралы" 1993 жылғы 26 мамырдағы N 1213 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ордабасы ауданының Ордабасы жерінде 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы үйимдастырылсын, ол тікелей Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне бағынатын болсын.

"Ордабасы" тарихи кешені Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитет, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі алдағы уақытта қорықтың Бас жобасы бекітілгенге дейін мемлекеттік және қоғамдық мұқтаждық үшін қорықтың шекарасына енгізілген жерлерден жер участкерлерінің бөлінуіне жол бермесін, сондай-ақ осы жер аумағының мақсатына қайшы келетін қандай қызметті болсын шектесін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі 1994 жылдан бастап "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығының Бас жоспарын әзірлеуге, сондай-ақ оны құруға және ұстауға қажетті қаржы мен материалдық-техникалық ресурстар қарастыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының құрылышы, тұрғын үй және аумактарда құрылыш салу министрлігі "Ордабасы" қорығының Бас жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етіп, оның шекарасын мүдделі жер пайдаланушылармен және жергілікті атқару органдарымен міндетті түрде нақтылап, келісіп алатын болсын.

5. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілігі Алматы темір жол басқармасымен бірлесе отырып Шымкент жол бөлімшесі "Ордабасы" қосалқы шаруашылығының жабылып, аумағының қорықтық қорғауға алынған аймағына енгізілуіне байланысты оның қызметкерлерін еңбекке орналастыру және олар үшін жұмыс орындарын үйимдастыру шараларын қолдансын.

"Ордабасы" қосалқы шаруашылығының қызметкерлеріне кәсіпорынның жабылуына байланысты қолданылып жүрген зандарға сәйкес тиісті өтем төлесін.

6. Алматы темір жол басқармасы "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығының балансына Шымкент жол бөлімшесі "Ордабасы" қосалқы шаруашылығының әкімшілік-өндірістік ғимараттары мен қосалқы-көмекші үй жабдықтарын беретін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі бір ай мерзімде "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы туралы Ережені әзірлеп бекітсін.

8. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен, Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамын қатыстыра отырып ғылыми-археологиялық зерттеулер мен қорық ескерткіштерін мұражайлық қалыпқа дайындау жұмыстарын жүргізсін.

9. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Туризм, дene мәдениеті және спорт министрлігі, "Қазақстан" мемлекеттік теле-радио хабарларын тарату компаниясы, "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы, Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігі өз іс-жоспарларында Ордабасы жерінде респубикалық халықаралық мәдениет спорт шараларын өткізуі, Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің рухына Ордабасыда болған тарихи оқиғаларға арналған кітаптар, альбомдар, ғылыми-көпшілік фильмдер шығаруды, телехабарлар ұйымдастыруды көздесін.

10. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігі осы қаулының орындалу барысы туралы жыл сайын 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне хабарлап отырсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі